

ӘОЖ 343.120.5(571)

DOI: 10.54649/2077-9860-2021-2-49-53

Б.Ж. Чельдебаева¹**¹Каспий қоғамдық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: bako_0196@mail.ru**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Аңдатпа

Халықты медициналық қамтамасыз ету саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу - олардың криминогендік жағдайының жай-күйіне әсер ететін әсерін бағалау үшін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын арнайы зерттеу, жеке профилактикалық жұмыс - құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесі субъектілерінің әлеуметтік қауіпті жағдайдағы адамдарды уақтылы анықтау, оларды әлеуметтік оңалу және (немесе) олардың құқық бұзушылық жасауын ескеру жөніндегі қызметі

Түйінді сөздер: Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар, арнайы субъект, қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыс, қылмыстық теріс қылық, бас бостандығынан айыру, мүлікті тәркілеу, жазаны атқару, сотталған, қамақ тергеу изоляторы, айыппұл, мемлекеттік органдар.

Б.Ж. Чельдебаева¹**¹Каспийский общественный университет,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: bako_0196@mail.ru**

ПРОФИЛАКТИКА МЕДИЦИНСКИХ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ

Аннотация

Меры предупреждения правонарушений в сфере медицинского обеспечения населения - это комплекс правовых, социальных, экономических, организационных мероприятий и иных мер, осуществляемых государственными органами, органами местного самоуправления, организациями всех форм собственности и гражданами Республики Казахстан, направленных на сохранение и укрепление правопорядка путем выявления, изучения, устранения причин и условий, способствующих совершению правонарушений. Правовое воспитание - комплекс мер образовательного, информационного и организационного характера, направленных на формирование у граждан установок на законопослушное поведение, получение правовых знаний и повышение правовой культуры населения.

Ключевые слова: медицинские уголовные правонарушения, специальный субъект, уголовные правонарушения, преступление, уголовный проступок, лишение свободы.

B.Zh.Cheldebayeva¹**¹Caspian Public University,
Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: bako_0196@mail.ru**

PREVENTION OF MEDICAL CRIMINAL OFFENSES

Annotation

Measures to prevent offenses in the field of medical care of the population are a set of legal, social, economic, organizational measures and other measures implemented by state bodies, local self-government bodies, organizations of all forms of ownership and citizens of the Republic of Kazakhstan, aimed at preserving and strengthening the rule of law by identifying, studying, eliminating the causes and conditions that contribute to the commission of offenses. Legal education is a set of educational,

informational and organizational measures aimed at forming attitudes to law-abiding behavior among citizens, obtaining legal knowledge and improving the legal culture of the population.

Keywords: medical criminal offenses, special subject, criminal offenses, crime, criminal misdemeanor, deprivation of liberty.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы деп көрсетілген [1].

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске сәйкес, денсаулық сақтау дегеніміз - аурулардың алдын алуға және оларды емдеуге, қоғамдық гигиена мен санитарияны қолдауға, әрбір адамның тәндік және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, оның ұзақ жыл белсенді өмір сүруін қолдауға, денсаулығынан айырылған жағдайда оған медициналық көмек беруге бағытталған саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, медициналық сипаттағы шаралар жүйесі [2].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу қылмыстық заңнаманың басты міндеттерінің бірі болып табылады [3].

Қазақстан Республикасының бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметіне сәйкес Қазақстан Республикасында соңғы бес жылда тіркелген медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны туралы статистикалық деректерді талдау жасалған санын көрсетеді, талдауға сәйкес: 2016 жылы – 590, 2017 жылы – 384, 2018 жылы – 443, 2019 жылы – 474 және 2020 жылы-416 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген [4].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасына сәйкес, медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыстық кодекстің 12 тарауында және келесі қылмыстық құқық бұзушылықтардан тұрады: 317-бап. Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы, 318-бап. Клиникалық зерттеулер жүргізу тәртібін және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзу, 319-бап. Жүктілікті жасанды үзуді заңсыз жүргізу, 320-бап. Медициналық көмек көрсетпеу, 321-бап. Медицина қызметкері құпиясын жария ету, 322-бап. Заңсыз медициналық және

фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау, 323-бап. Жалған дәрілік заттармен немесе медициналық бұйымдармен жұмыс істеу [3].

Құқық бұзушылық профилактикасы туралы заңына сәйкес, заңға мойынсынушылық мінез-құлық - адамның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мінез-құлық нормаларына сәйкес келетін, адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін бұзбайтын саналы мінез-құлқы; құқық бұзушылық профилактикасы - құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені; құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері - құқық бұзушылық профилактикасын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдары мен азаматтары болып табылады [5].

Медицина қызметкерлерімен орындалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін қарастыру осы субъектілердің ерекшеліктерімен және олармен жасалатын іс-әрекеттердің маңызды белгілерімен тығыз байланысты. Мұндай жағымсыз құбылыстарға алдын ала сынақтан өткізілген әдістер стандартының көмегімен қарсы тұру іс жүзінде қиын болуда. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін ауқымды жалпы мемлекеттік шаралардың маңызы зор. Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы қажет: денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; медицина саласының қаржылық реформалануы; денсаулық сақтау жүйесін нақты құрылымдау; прокуратура органдарының медицина саласындағы заңнаманың орындалуына бақылау жасау қызметін күшейту; дәрігерлердің және медициналық құрамның кәсіби біліктілігі мен құқықтық сауаттылығын арттыру.

Медицина қызметкерлеріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу белгілі бір ерекшеліктерді иеленеді. Себебі, бұл саладағы қылмыскердің тұлғасы өзге қылмыскердің жеке басынан айтарлықтай ерекшеленеді; ерекше кәсіби міндеттеріне орай медицина қызметкерінің қылмыстық мінез-құлқы механизмді де өзгеше болып келеді.

Қазіргі таңдағы теория мен тәжірибеде жалпы, арнаулы және жеке деп аталатын қылмыстардың алдын алу түрлері кеңінен тараған. Жалпы алдын алу адамдардың өмір сүруінің барлық салаларына қатысты, сондықтан да жалпы алдын алу объектісі болып әртүрлі деңгейдегі криминогенді құбылыстар танылады. Жалпы алдын-алу қоғамның барлық мүшелерінің қалыпты құқыққа сай мінез-құлқын қалыптастырады.

Жалпы және арнаулы ескерту шараларын тәжірибелік жүзеге асыру әртүрлі жолдармен жүргізіледі.

Жалпы ескерту мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылысын жоспарлауды, басқаруды, болжауды және ұйымдастыруды білдіреді. Әртүрлі мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, партиялар және т.б. осының субъектілері болып танылады.

Е.О. Алауханов пікірінше, құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларының арнайы ескерту шарасы тар мағынада қылмыстарды тергеу, оларды соттау және жазаны өтеу кезінде, кейбір жағдайларда пенитенциарлықтан кейінгі қадағалауды белгілеу кезінде қол жеткізілетін нақты қылмыстық әрекеттердің себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған. Бұл қызметтің субъектілері-прокуратура, соттар, ішкі істер органдары [6, 45 б.].

Медицина қызметкерлері тарапынан жасалған қол сұғушылықтың себептерін жоюды тиімді ету жалпы және арнаулы алдын алу шараларын байланыстырған кезде ғана мүмкін болады. Жалпы алдын алу шаралары қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудың әлеуметтік-экономикалық себептерімен өзара байланыста болады. Сондай-ақ бұл жағдай төмендегідей әрекеттерді талап етеді:

– медициналық мекемелерді қаржыландыруды арттыру;

– медицина қызметкерлерінің еңбекақысын көбейту;

– медицина саласындағы мамандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жарытымды түрде жақсарту және оларға өздерінің материалдық қажеттіліктерін заңды әрекетпен қанағаттандыруға мүмкіндік беру;

– денсаулық сақтау саласындағы реформаны құқықтық қамтамасыз ету;

– емдеу-профилактикалық мекемелердің, жекелеген мамандардың қызмет сапасын бақылауды жетілдіру. Бақылау ішкі және сыртқы ведомстволық деңгейде жүргізілуі қажет. Әсіресе, сыртқы ведомстволық бақылауға ерекше көңіл бөлінуі тиіс, себебі ішкі ведомстволық бақылау, әдетте, корпоративтік ықпалға ұшырайды;

– рухани-имандылық саласын сауықтыру жөніндегі жалпы мемлекеттік шаралар. Мейірімсіздік, имансыздық – бұл медицина қызметкеріне тән болмауға тиісті қасиеттер. Дәрігердің рухани мәдениетін арттыру керек. Дәрігер науқаспен сөйлесудің тиімді әдісін меңгеруі қажет, дәрігерге қояр талабы жоғары болғаныменде науқастармен сыпайы және сабырлы болуы тиіс;

– медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуды жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыру. Ең алдымен, сот-тергеу практикасын жинақтапталдау керек. Сондай-ақ бұл санаттағы іс бойынша сот-медициналық сараптамаларға талдау жүргізу қажет. Осының негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» № 4 нормативтік қаулысына сәйкес, құқық қолдану органдарына нақты ұсыныстар дайындалған жөн. Медицина қызметкері жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың есебін беру нысаны мен статистикалық есебін жетілдіру, құқық қорғау органдары қызметкерлерін медициналық қылмыстық құқық бұзушылықты саралау мәселелері бойынша арнайы даярлау және оқыту қажет.

Арнайы ескерту кең тұрғыдан қылмыстылықты жасауға әсер ететін себептер мен жағдайларды таратуға, әлде бейтараптандыруға бағытталған шараларды тікелей жоспарлау, басқару, болжау және әзірлеу жолымен жеткізіледі. Оларға мынадай шаралар жатады: ішкілікпен және нашақорлықпен күресу; жұмыссыздықты және әлеуметтік арамтамақтықты біртіндеп жою; қолайсыз және толық емес отбасыларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету; жалпы тәрбиелік жұмыс және халықтың арасында құқықтық білімді насихаттау. Осы қызметтің субъектілері болып прокуратура органдары, ішкі істер органдары, министрліктер және ведомстволар, әртүрлі инспекциялар, соттар, қоғамдық ұйымдар танылады. Нақты қылмыстық іс-әрекеттердің себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған қылмыстарды тергеу, соттау және жазаны өтеу барысында кейбір жағдайларда постпенитенциарлық қадағалауды белгілеу арқылы арнайы ескерту шаралары тар мағынада жүзеге асырылады [7, с. 157].

Г.Р. Рустемова пікірінше медицина саласында, атап айтқанда, трансплантологияда қылмыстың белгілі бір криминологиялық ерекшеліктері бар. Бұл қылмыстар ұлттық шекарадан асып кетті. Олармен күрес бүкіл әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін үйлестіруді талап етеді [8, 57 б.].

Арудың нақты түрлерін емдеудің стандарттары әзірленуі қажет, ол мемлекеттің барлық аумағында әрекет етуі тиіс және ол тек мемлекеттік, муниципалдық мекемелері үшін ғана емес, сонымен қатар жеке емдеу мекемелеріне де міндетті болуы керек. Ерекше орын ХХІ ғасырдың обасы болып табылатын АИТВ/ЖИТС-тің, Эбола ауруының және басқа да жаңа аурулардың алдын алуға көңіл бөлінуі қажет.

Қазіргі уақытта кейбір ауруларды емдеу бойынша салалық стандарттар бар, бірақ

өте аз, олар енді ғана қалыптасуда және көптеген аурулар бойынша әлі пайда болмады. Стандарттар тұрақты болуы және емдеудің сынақтан өткізілген әдістеріне негізделуі қажет, алайда емдеу үшін халықаралық медицинада танылған жаңа жоғары технологиялық әдістерді қолдануға мүмкіндік беруі тиіс. Сот және құқық қорғау органдары медицина қызметкерлерімен тығыз ынтымақтастықта әрекет етуі қажет, себебі сот-тергеу қызметкерлеріне арнайы маманның білімінсіз ұқсастықты жүргізу, көмектің стандарттарға сәйкестігін тексеру қиын.

Ұсынылған алдын алу шаралары тиімді және нәтижелі болуы үшін денсаулық сақтау саласында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алудың жоғарыда аталған шаралары өзара байланысты қолданылып, жүйелі сипатта болуы қажет.

Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. www. - adilet.kz
2. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі. www. - adilet.kz
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. www. - adilet.kz
4. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. www. - gamgor.kz
5. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы
6. Алауханов Е.О. Криминология: Общая и Особенная части. / Е.О. Алауханов – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 664 с.
7. Современные тенденции развития социалистического уголовного права. – М.: Наука, 1983. –191 с.
8. «Профилактика преступлений в сфере медицинского обслуживания населения» Избранные труды. Монография Рустемова Гаухар Рустембековна, Алматы – 2012 год.
9. Еспергенова Е.В. Проблемы совершенствования уголовно правовой нормы, предусмотренной ст. 318 УК РК // Вестник института законодательства Республики Казахстан.– 2017. –№ 3 (48). – С. 158-165.
10. Джетибаев Н.С., Куналиева Г.А., Смагулов М.К Некоторые меры профилактики медицинских уголовных правонарушений // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – 2018. – № 4(125). – С.52.

References:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. www. - adilet.kz
2. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі. www. - adilet.kz
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. www. - adilet.kz
4. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. www. - gamgor.kz
5. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы

6. Alaukhanov Ye.O. Kriminologiya: Obshchaya i Osobennaya chasti. / Ye.O. Alaukhanov – Almaty: Zheti zharʻy, 2008. – 664 s.
7. Sovremennye tendentsii razvitiya sotsialisticheskogo ugolovno go prava. – M.: Nauka, 1983. –191 s.
8. «Profilaktika prestupleny v sfere meditsinskogo obsluzhivaniya naseleniya» Izbrannye trudy. Monografiya Rustemova Gaukhar Rustembekovna, Almaty – 2012 god.
9. Yespergenova Ye.V. Problemy sovershenstvovaniya ugolovno pravovoy normy, predusmotrennoy st. 318 UK RK // Vestnik instituta zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan.– 2017. –№ 3 (48). – S. 158-165.
10. Dzhelibayev N.S., Kuanaliyeva G.A., Smagulov M.K Nekotorye mery profilaktiki meditsinskikh ugolovnykh pravonarusheny // L.N. Gumilev atyndaʻy Yeuraziya ʻılttyq universitetiniq Khabarshy-sy – 2018. – № 4(125). – S.52.